Солардың бірі Жыланды кен орны тобы қорына жататын «Шығыс Сарыоба» кен орны. Бүгінде Жезқазған өңірінде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге 25 млрд теңге қарастырылуда. Бұл өз кезегінде жер қойнауын пайдаланудың жаңа нәтижелерге жетіп, соның жемісі ретінде өңір жағдайының жақсаруына жол ашпақ. Экономикада туындаған күрделі ахуал мен қиындықтарға қарамастан, кен орындарының көкжиегі кеңейіп келеді, соның ішінде «Шығыс Сарыоба» мыс кенін игеру Сарыарқа өңірінде тау-кен жұмысын жандандырды (1-сурет).



Шартты белгілер:



1-сурет. «Шығыс Сарыоба» кен орнының геологиялық картасы

«Шығыс Сарыоба» кен орны Жезқазған кенішінің солтүстігінде 30-45 км жерде орналасқан. Шығыс Сарыоба кен орны Жезқазған жүйесіне жататын бірыңғай кешенді тұнба тектестігімен өзара байланысты. Басты мыс сульфиттарына ілеспелер құрамында күміс, рений, күкірт пен селен кездеседі. Рений Жыланды кен орнының тұрақты серігі болып табылады. Сарыоба кен орындары геологиялық және кен-техникалық жағынан көбінесе Жезқазған кен орындарына ұқсас келеді.

Кен орны пайдалы компонентерінің қалыңдығы мен құрамы өте өзгермелілігімен сипатталады. Мыстың мөлшері 0,52-ден 6,56% -ға дейін өзгереді (орташа 1,40-1,50%). Литологиялық құрамына қарай Жезқазған свитасы Тасқұдық свитасына өте жақын. Оның төменгі жағында «раймундық» конгломераттар, ал жоғарғы жағы алевролиттерден тұратын Жиделі свитасымен жалғасады.

Бүгінгі таңда кен алқабында 11 рудалық шоғырлар анықталған, оның құрамында 109 рудалық денелер бар. Ең ірі кен орындары Тасқұдық қабатына шоғырланған, олардың ұзындығы 3200 м-ге, қалыңдығы 0,5-тен 17 м-ге дейін, рудалық денелер 750-800 м тереңдікте орналасқан. Жерасты тәсілімен игеруге арналған Тасқұдық қабатындағы рудалық шоғырлар мен кен денелерінің параметрлері 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. **Рудалық шоғырлар мен рудалық денелердің негізгі параметрлері**

Шоғырлар №№	Пішіндері, категориялары	Бойлық және құлама бағыттағы ұзындықтары, м
1 - I	таспатәрізді	850x110
	тағатәрізді	1900x130
	таспатәрізді	800x100
1 - II	жамылғытәрізді	1600x350-700
	жамылғытәрізді	650x250
1 - III	дөңгелек– диаметрлі	700-800
	таспатәзізді	2300x300-600
	тағатәрізді	1200x100-300
1 - IV	тағатәрізді	1100x50-200
	тағатәрізді	900x50-150
	қабаттәрізді	700x300
1 - V	таспатәрізді	400x120
Рудалық шоғырлардың жалпы ауданы, тыс. $м^2$		
1 - I	C_1+C_2 категориясы	825
1 - II	$B+C_1+C_2$ категориясы	1467
1 - III	$B+C_1+C_2$ категориясы	1826
1 - IV	C_1+C_2 категориясы	984
1 - V	C_2 категориясы	361
Барлығы		5493
Кен орны бойынша барлығы		5912
Шоғырлардың орташа вертикаль қолыңдықтары, м		
1 - I	C_1+C_2 категориясы	2,53
1 - II	$B+C_1+C_2$ категориясы	4,36
1 - III	$B+C_1+C_2$ категориясы	4,02
1 - IV	C_1+C_2 категориясы	2,81
1 - V	C_2 категориясы	2,33
Барлығы		3,53
Кен орны бойынша барлығы		3,48
Мыс кенінің жерасты тәсілімен игерілетін қоры, млн. тонн		
1 - I		5,42
1 - II		16,64
1 - III		19,08
1 - IV		7,19
1 - V		2,18
Барлығы		50,64
Кен орны бойынша барлығы		53,48

Міне осындай, үлкен алқапты алып жатқан, бірнеше кен шоғырларынан тұратын және әртүрлі терең қабаттарда түзілген алып мыс кен орнын игеру үшін жүргізілетін сейсмикалық және эксплуатациялық барлау жұмыстары жоғары дәлдікті геодезиялық негізде құруды талап етеді. Соңғы жылдар екі өлшемді 2D және үш өлшемді 3D сейсмикалық барлауды жұмыстарын жүргізу кеңінен қолға алынды. Бұл оның кеңістікті бақылау жүйелерімен көлемді сейсмикалық барлауға көшуге және неғұрлым нақты ақпарат алуға мүмкіндік беретіндігі сөзсіз.

Сейсмикалық барлаудың бұл түрлері негізінен осы Сарыоба кен шоғырлары сияқты кен орындарын барлау үшін қолданылады, табиғи құбылыстардағы тау жыныстарының литологиялық және физикалық сипаттамаларын анықтау үшін құрылымдардың жекелеген учаскелерін егжей-тегжейлі зерттеуге бағытталады. Осындай күрделі барлау жұмыстарын геодезиялық қамтамасыз етуге мыналар енгізіледі:

1) геодезиялық тірек және түсіріс тораптарын құру;

2) топографиялық түсірістер мен геологиялық есептік карталардың топографиялық негіздемесін жасау;

3) геологиялық барлау қазбаларының геометриялық элементтерін жобадан жергілікті жерге көшіру және оларды тірек пункттеріне байланыстыру.

Пайдалы кен орындарын геологиялық барлаудағы топографиялық және геодезиялық жұмыстар күні бұрын бекітілген жобаға сәйкес жүргізілуі, сонымен қатар геодезиялық жұмыстарды жүргізу мен геологиялық барлау жұмыстарын топографиялық-геодезиялық қамтамасыздандыру

инструкцияларын міндетті түрде орындалуы қажет. Осы жоғарыда аталған жұмысты бұрын жәй техникалық теодолитпен және нивелирмен жүргізген болса, осы күнгі дамыған заманның талабы бойынша, қазіргі заманғы аспапты пайдалану маңызды болып отыр.

Көптеген топографиялық және геодезиялық жұмыстарды орындаудың дәстүрлі технологиялары оларды ұйымдастырудың және іске асырудың күрделілігімен (әсіресе шалғай және климаттық қиын аудандарда); ауа-райына, тәулік пен жылдың уақытына толық тәуелділік; далалық бақылаулардың және камералдық есептеулерінің үлкен көлемі, жоғары білікті мамандардың қол еңбегімен айналысумен және т.б. сипатталады. Мұның салдары дәстүрлі геодезиялық жұмыстардың бүкіл циклінің қымбаттылығы мен ұзақтылығына әкеліп соғады.

Сейсмикалық барлау кезінде геодезиялық жұмыстардың қажетті дәлдігі мен жылдамдығына қол жеткізу геодезиялық қамтамасыз етудің жаңа техникалық құралдары мен технологияларын жетілдіру мен өндірсіке енгізуге тікелей байланысты.

Бүгінгі таңда геодезияда жер серіктік жүйе кеңінен қолданылуда. Соған байланысты, қазіргі кезде геодезия ғылымы мен өндірісі үлкен жетістіктерге жетуде. Ғылым мен техниканың дамуы көптеген дәлдігі мен өнімділігі жоғары тахеометр, GPS секілді геодезиялық өлшеу аспаптарының түр-түрін жасап өмірге енгізіп отыр. Соның бірі GPS (Global Positioning System – ғаламдық позициялау жүйесі) – геодезиялық негіздерді құрудағы ең тиімді аспап болып табылады. GPS қабылдағыштарының ең басты ерекшеліктерінің бірі – ауа райының кез келген жағдайларында өлшеу жұмыстарын орындайды, қабылдағыштармен 10 шақты шақырым аралықта өлшеулер жүргізе беруге болады (3-сурет).



3-сурет. GPS қабылдағышы

GPS қабылдағыштармен бірге болатын программалардың көмегімен, өлшеу нәтижелерін өңдеп, алынған геодезиялық жүйелерді теңестіруге және пункт координаталарын келесі түсірістерге есептеуге болады. GPS көмегімен геодезиялық жұмысты жүргізуде еңбек өнімі жоғарылайды.

Қорытынды. Жоғарыда келтірілген терең қабаттарда орналасқан, праметрлері де әрқилы кен орындарын сеймикалық барлау кезінде жерсеіктік жүйелердің тиімділігі өте зор. Жылжымайтын геодезиялық тірек торабы пункттерде жұмыс істей отырып, барлық қателіктерді ескеруге мүмкіндік береді және де станциядағы түзетулерді барлық GPS қабылдағыштарға жібере алады, ал олар позициялау нәижелеріне түзетулерді енгізе отыра, сенімді нәтижелер алуға толық мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Сатпаев К. И. Основные результаты комплексного геологического изучения и вопросы генезиса Джезказгана. Геология рудных месторождений, 1962, № 3.

[2] Рабочий проект. Отработка карьера «Восточная Сарыоба», том 2, книга 1. Жезказганский проектный институт, 2007.

[3] Нұрпейісова М.Б. Ғарыштық геодезия (оқулық).-Алматы: АВ РК, 2012.-324 б

[4] Нұрпейісова М.Б. Ғарыштық геодезия (учебник) .- Алматы: АС ВУЗовРК, 2012.-324 б.

Турумбетов Т., Бексеитова Р., Курманбаев О.

Геодезическое обоснование разведочных работ на месторождении Восточный Сарыоба

Резюме. В статье рассматривается информация о медном месторождении «Восточный Сарыоба», освоение которого осуществляется в Жезказганском регионе, его роли в развитии горнодобывающей промышленности. Представлены геологические, структурные и тектонические особенности гигантского месторождения. Проведен анализ современных геодезических методов и способовв геодезии, применяемых при сейсморазведке меднорудной залежи «Восточный Сарыоба» на глубоком горизонте. *К современным техническим средствам геодезического обеспечения сейсморазведочных работ отнесены GPS технологии.*

Ключевые слова: медное месторождение, геологическая карта, сеймическая разведка, геодезия, геодезическое обеспечение, космическая геодезия, методы, GPS измерения.

УДК 911.52

Zh. Ozgeldinova, G. Ospan

METHODOLOGICAL BASIS FOR THE DEVELOPMENT OF THE OPTIMAL STRUCTURE OF NATURE LANDSCAPES BASED ON LANDSCAPE ECOLOGICAL ANALYSIS USING REMOTE SENSING/GIS TECHNOLOGIES

Abstract. The paper presents the methodological basis for the development of the optimal structure of natural landscapes on the basis of landscape-ecological analysis with the use of remote sensing/GIS technologies. The main tasks, expected results and methods for the development of the optimal structure of landscape management are presented.

Key words: landscape, structure of nature management, anthropogenic impact, GIS.

Ж. Озгелдинова, Г. Оспан
(Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ,
Қазақстан Республикасы. E-mail: gauhara_ast@mail.ru)

ЛАНДШАФТТЫ-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ НЕГІЗІНДЕ ЖҚЗ/ГАЖ-ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ЛАНДШАФТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ ҚҰРЫЛЫМЫН ӘЗІРЛЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Андатпа. Жұмыста ЖҚЗ/ГАЖ-технологияларын қолдана отырып ландшафттық-экологиялық талдау негізінде ландшафттарды пайдаланудың оңтайлы құрылымын әзірлеудің әдіснамалық негіздері баяндалған. Ландшафттарды пайдаланудың оңтайлы құрылымын әзірлеу үшін негізгі міндеттер, күтілетін нәтижелер мен әдістер келтірілген.

Кілт сөздер: ландшафт, табиғат пайдалану құрылымы, антропогендік әсер, ГАЖ.

Табиғатты пайдаланудың ұтымды құрылымын қалыптастыру құралы болып бірқатар авторлардың ұсынған және әзірлеген аймақтық экологиялық тұжырымдамалар болып табылады (Чибилев А. А. [1], Антипов А. Н., Плюснин В.М. [2], Мизерханова З.Г. [3, 4]). Бұл тұжырымдамалар экологиялық тұрақтылықты қолдауды қамтамасыз ету үшін бірыңғай тұтас жұмыс істейтін аумақтық кешендердің бірыңғай жүйесін қалыптастыру туралы бірқатар ережелерді білдіреді. Бұл ретте аумақтың экологиялық қаңқасы табиғатты қорғаудың нысаны емес, табиғатты пайдалануды басқару жүйесі сияқты екенін ескеру қажет. Аумақтың экологиялық қаңқасының табиғат пайдаланушылық бағдары табиғатты пайдалануды нормалаумен, аумақты игеру режимдерін регламенттейтін негізбен байланысты.

Алайда, бүгінгі күні ландшафттардың антропогендік әсерлерге нақты тұрақтылығын, ландшафттарға антропогендік жүктеме дәрежесін бағалауды және антропогендік әсер ету жағдайындағы геожүйелер динамикасының үрдістерін болжауды ескере отырып, табиғатты пайдаланудың оңтайлы құрылымын әзірлеудің әдіснамалық базасы жоқ. Бұл ретте тұрақтылықты ерекше табиғи ресурс ретінде қарастыруға болады, өйткені антропогендік қызмет нәтижесінде заттар мен энергия шығарындыларына қатысты табиғи ортаның ассимиляциялық қабілеті табиғат қорғау саясатын айқындау критерийлерінің бірі бола алады. Геожүйеге антропогендік жүктемені бағалау кезінде табиғи кешендердің тұрақтылығын анықтау шаруашылық қызметті кеңістіктік байланыстыруға және реттеуге, шаруашылық қызмет объектілерінің орналасу орнын реттеуге, табиғат пайдалану ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Әсіресе экономикалық және экологиялық әсердің нәтижесінде табиғат пайдалану жүйесі өзгерген аумақтар үшін осы мәселелерді зерттеу өзекті болып табылады. Бұл ретте табиғатты пайдаланудың оңтайлы құрылымы теріс салдарларға әкеп соқпайды, геожүйелердің орта және ресурс қалыптастыратын қасиеттерін төмендетпейді, керісінше, аумақтың ландшафтық ерекшеліктерін ескермей қалыптасқан табиғатты пайдаланудың жетілдірілмеген құрылымы табиғаттың бұзылуына және тозуына әкеп соғады деп есептелінеді. Осылайша, геожүйелерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар мен шектеулер бір жағынан, геожүйелер құрылымын және олардың жұмыс істеуін зерттеу, ал екінші жағынан, аумақтың игерілу сипатын, табиғи және антропогендік факторлардың өзара әрекеттестігін есепке алудан құрылуы тиіс.

ЖҚЗ/ГАЖ-технологияларды қолдана отырып ландшафттық-экологиялық талдау негізінде ландшафттарды пайдаланудың оңтайлы құрылымын әзірлеу мынадай міндеттерді шешуді талап етеді:

- геожүйелердің жүйе құраушы факторларына кешенді талдау негізінде зерттеу аймағының ландшафттарының қалыптасуының табиғи факторларына талдау. Қарқынды антропогендік қызмет жағдайында ландшафттардың ластану процестерінің табиғи-климаттық ерекшеліктерін анықтау Кешендік талдау негізінде геожүйелер параметрлерінің өзара байланысының құрылымы туралы алынған нәтижелер табиғи кешендердің қазіргі жай-күйін бағалау және динамикасын болжау үшін негізгі ақпарат болып табылады;

- ландшафттық-геохимиялық жағдайға антропогендік факторлардың әсерін талдау.

Зерттеуді кемінде үш жыл жүргізу қажет, онда ауаны, топырақ қабатын, жер үсті суларын және өсімдіктердің негізгі түрлерін зерттеу қажет. Геожүйелерді геохимиялық талдау үшін олардың ауада, суда, топырақта және өсімдіктерде жинақталуының қарқындылығын, сипаты мен ерекшеліктерін көрсететін макрокешендер мен микроэлементтер құрамының сандық вариациялық-статистикалық көрсеткіштерін есептеу қажет. Геохимиялық мониторинг негізінде зерттеу аймағының экологиялық-ландшафттық-геохимиялық аудандастыру картасын жасау;

- далалық және геоақпараттық картографиялау негізінде қоғамдастықтарды түрлендіру құрылымдық-динамикалық принципі бойынша орта масштабты (1: 500 000) ландшафттық карта жасау. Оның негізгі міндеті ландшафттарда қолданылатын кеңістік-уақыттық заңдылықтарын көрсету болады. Ландшафттардың құрылымдық ұйымдастырылуын бағалау;

- ГАЖ/ЖҚЗ-технологияларды қолдана отырып, ландшафттарды антропогендік пайдалану қарқындылығын талдау негізінде ландшафтқа антропогендік әсер ету факторларын анықтау. Қазіргі заманғы табиғат пайдаланудың ретроспективті талдауы негізінде ландшафттардың табиғатты пайдаланудағы аумақтық құрылымының картасын жасау [5];

- антропогендік әсерлерге ландшафттардың тұрақтылығын бағалау.

Табиғат кешендерінің антропогендік әсерлерге тұрақтылығы бойынша жүргізілген бағалау тұрақтылық әлеуеті әртүрлі ландшафттарды (салыстырмалы түрде тұрақтыдан тұрақтылығы әлсіз) анықтауға мүмкіндік береді. Негізге алынған көрсеткіштер шаруашылық қызметті олардың тұрақтылығымен кеңістіктік байланыстыруға мүмкіндік береді және табиғатты пайдалану құрылымын реттеуге, шаруашылық қызмет объектілерінің орналасуын анықтауға, яғни геожүйенің орнықтылығын білу есебінен теріс әсерді азайту мәселесін жоспарлы шешуге мүмкіндік береді.

- ландшафтқа антропогендік әсер ету дәрежесін анықтау. Ландшафттарға антропогендік әсер етуді бағалау геожүйелердің өзгеру дәрежесі әртүрлі аймақтарды анықтауға мүмкіндік береді. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде ландшафтқа антропогендік жүктеме дәрежесін бағалаудың картографиялық көрінісі жасалынатын болады.

- антропогендік әсер ету жағдайындағы ландшафт динамикасының үрдістерін болжау. Антропогендік әсерлердің болжамы өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының ағымдағы және бағдарламалық міндеттерінен туындайды. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде зерттеу аймағы аумағын перспективалық ұйымдастыру картасын жасау қажет;

- антропогендік әсерлерге ландшафттардың тұрақтылығын бағалау, ландшафттарға антропогендік жүктеме дәрежесін бағалау және антропогендік әсер ету жағдайында ландшафттар динамикасының үрдістерін болжау нәтижелерінен негізделген табиғатты пайдаланудың оңтайлы құрылымын әзірлеу. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде ұсынылған табиғатты пайдалану құрылымының картасын жасау қажет. Келешекте қатаң аумақтық байланыс халықтың, әкімшілік органдарының, шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың нақты белгіленген жерлерде нормативтер мен ережелерді сақтауын қамтамасыз етеді.

Қойылған міндеттерді шешу кезінде мынадай әдістерді пайдалану қажет: кешендік талдау, математикалық модельдеу, интеграцияланған және жеке параметрлер бойынша бағалау әдісі, картографиялық, сараптамалық бағалау әдісі және ықтимал болжау, баллдық бағалау әдісі, кеңістіктік интерполяция әдістері, ЖҚЗ деректерін дешифрлеу және геоақпараттық картографиялау әдістері және т. б.

✓ Кешендік талдау жүйедегі өзара байланысты анықтауға, өзара байланыс құрылымын зерттеуге, геожүйенің жағдайын қалыптастыруға әсер ету дәрежесі бойынша процестерді ранжирлеуге мүмкіндік береді;

✓ Ландшафтардың құрылымдық бөліктерін және олардың сипатты белгілерін, кеңістіктегі және уақыттағы өзгерістерді, басқа компоненттермен өзара байланысы мен өзара байланыстылығын егжей-тегжейлі талдау үшін кешенді далалық физикалық-географиялық зерттеу бағдарламасын әзірлеу қажет. Зерттеу міндеттерінің бірі фондық негізгі және антропогендік ластану аймағында

орналасқан учаскелердің геожүйелерінің жағдайын сипаттайтын облыс аймағындағы негізгі учаскелерді таңдау болып табылады [10].

Алдын ала тексеру барысында табиғатты пайдалану типтерін ескере отырып және жоғары кеңістіктік рұқсатты ғарыштық түсірілімдерді пайдалана отырып, негізгі учаскелерді анықтау қажет. Дәстүрлі әдістерді (негізгі учаскелер, ландшафтық профильдеу, сынақ алаңдары, топырақ шұңқырлары, далалық карталау, салыстырмалы-географиялық), сондай-ақ ғарыштық дешифрлеуді де қолдану қажет;

✓ ЖҚЗ деректерін дешифрлеу әдістері ландшафт компоненттері туралы (топырақ жамылғысының геохимиялық өзгергіштігінің көрсеткіштері, өсімдіктердің деградациясы және т. б.), ландшафттардағы қазіргі заманғы физикалық-географиялық процестер туралы (экзодинамикалық процестер), антропогендік факторлардың таралу сипаты мен дәрежесі туралы (техногендік түзілімдердің ауданы, егістік және т. б.) және т. нақты мәліметтер алуға мүмкіндік береді [14];

✓ Геоақпараттық картаға түсіру (ArcGIS 10.1, SAGA GIS 2.0.6 және т. б.) карталардың кезең-кезеңімен орташа масштабты (1:500 000) серияларын орындау кезінде ландшафттардың зерттелетін сапалық және сандық сипаттамаларының кеңістіктік таралу ерекшеліктерін анықтау: ландшафтық карта; экзодинамикалық процестер картасы; ландшафттарды пайдаланудың қазіргі аумақтық құрылымының картасы; экологиялық-ландшафтық-геохимиялық аудандастыру; антропогендік әсерге ландшафттардың тұрақтылық картасы; антропогендік жүктеме дәрежесі бойынша ландшафттарды аймақтарға бөлу; Зерттеу аймағының перспективалы ұйымдастыру картасы; табиғатты пайдаланудың ұсынылатын құрылымының картасы. ландшафттарды картографиялаудың бастапқы ақпараты ретінде геожүйелерді, ғарыш түсірілімдерін, аумақты түсіру және бейнелерді өңдеу әдістерін дамыту кезінде алынатын материалдарды, бірыңғай картографиялық проекцияда және координаттар жүйесінде интеграцияланған GPS-байланыстырылған далалық зерттеу материалдарын, топографиялық карталарды, топырақ жамылғысының литологиясы мен құрылымын, далалық сипаттамаларды (геоботаникалық, топырақтық және т. б.) сипаттайтын профильдерді, сондай-ақ күрделі кеңістіктік талдаудың жаңа технологияларын қолдану қажет [15];

✓ Интеграцияланған және жеке параметрлер бойынша бағалау әдісі ландшафттардың сандық және сапалық көрсеткіштері негізінде (құрғақтықтың радиациялық индексі, рельефтің сипаты, табиғи дренаждау дәрежесі, геохимиялық жағдайы, топырақтың механикалық құрамы, гумус қабатының қуаты, гумус құрамы, тұздану дәрежесі және т.б.) олардың орнықтылығын анықтауға және табиғатты пайдаланудың оңтайлы құрылымын әзірлеу кезінде әртүрлі тәсілдерді талап ететін кластарға ландшафттарды саралауға мүмкіндік береді. Ландшафтқа антропогендік жүктеме дәрежесін интегралдық бағалаудың негізі олардың салмақтық коэффициенттерін ескере отырып, талданған көрсеткіштерді бағалауды қосу рәсімі және антропогендік жүктеме деңгейі бойынша зерттелетін аймақты автоматтандырылған зондылау болып табылады;

✓ Ландшафтқа антропогендік жүктемені зерттеу кезінде бірнеше бақылаулардан кейін жасалынатын сандық анализ және табиғат жүйесіндегі анықталған даму үрдістері негізінде сараптамалық бағалау және табиғат процесстерін ықтималды болжау әдістерін қолдану қажет,

✓ Негізгі көрсеткіштердің салмақтық коэффициентін ескере отырып, әрбір ландшафт шеңберінде параметрлердің өзгеру дәрежесінің орташа коэффициенті айқындалатын болады. Экстраполяция әдісі үдерістерді ретроспективті зерттеу және анықталған үрдістердің болашаққа таралуынан тұрады. Болжамдар үшін математикалық модельдеу әдістерін қолдана отырып, геожүйеге антропогендік жүктеменің болжамды дәрежесіне сандық баға алуға болады. Картографиялық әдісті қолдану аймақтың ландшафтық құрылымын бағалауға және болашақ антропогендік әсерлердің ареалдарын орнатуға мүмкіндік береді.

Аймақтың тұрақты даму қағидаты табиғатты бейімдеуді қалыптастыру процесінде іске асырылады, яғни табиғат пайдаланудың ұтымды құрылымын құру, оның түпкі нәтижесі өзара байланысты және өзара келісілген экономикалық, әлеуметтік және геоэкологиялық факторларды ескере отырып, белгіленген аймақтарды перспективалық дамыту сценарийі болады. Келешекте қатаң аумақтық байланыс халықтың, әкімшілік органдардың, шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың нақты белгіленген жерлерде нормативтер мен ережелерді сақтау қажеттілігіне негізделеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Чибилев А.А. Ландшафтно-экологические основы рационализации природопользования в степной зоне (на примере Южного Урала и сопредельных территорий): автореф. ... докт. геогр. наук. – СПб: ГУ, 1992. – 50 с.

[2] Антипов А.Н., Плюснин В.М. Экологическое зонирование Байкальской природной территории // География и природные ресурсы. – 2002. – №4. – С. 14-23.

[3] Мирзеханова З.Г. Экологический каркас территории в стратегии устойчивого развития: анализ подходов, назначение, содержание // География и природные ресурсы. – 2001. – №2. – С. 154-158.

[4] Мирзеханова З.Г. Экологический каркас территории в стратегии устойчивого развития: пример практической реализации // География и природные ресурсы. – 2001. – №3. – С. 23-28.

[5] Джаналеева К.М. Физико-географическое районирование Республики Казахстан: учебное пособие: Эверо, 2014.-327 с.

[6] Джаналеева К.М. [и др] Эколого-географический толковый словарь: словарь.-Алматы: Эверо,2015.-499с.

[7] Арманд А.Д. Самоорганизация и саморегулирование географических систем. М.: Наука, 1988. - 260с.

[8] Арманд Д.Л. Наука о ландшафте (основы теории и логико-математические методы). М.: Мысль, 1975. - 287с.

[9] Афанасьев В.Г. Системность и общество. М.: Наука, 1980. - 368с.

[10] Глазовская М.А. Геохимические основы типологии и методики исследований природных ландшафтов. М.: Изд-во МГУ, 1964. - 230с.

[11] Берлянт А.М. Геоинформационное картирование / А.М. Берлянт // Итоги науки и техники. Картография. Т. 14. 1991. - 345 с.

[12] Турлапов В.Е. Геоинформационные системы в экономике: Учебно-методическое пособие. — Нижний Новгород: НФ ГУ-ВШЭ, 2017.

[13] Журкин И. Г., Шайтура С. В. Геоинформационные системы. — М., «КУДИЦ-ПРЕСС», 2012.

[14] Карманов А.Г., Кнышев А.И., Елисеева В.В. Геоинформационные системы территориального управления. Учебное пособие – СПб: Университет ИТМО, 2015. – 121 с.

[15] Лурье, И.К. Геоинформационное картографирование. Методы геоинформатики и цифровой обработки космических снимков: учебник / И.К. Лурье. – М.: КДУ, 2008. – 424 с.

Озгелдинова Ж., Оспан Г.

Методологические основы разработки оптимальной структуры природопользования ландшафтов на основе ландшафтно-экологического анализа с применением ДЗЗ/ГИС-технологий

Резюме. В работе изложены методологические основы разработки оптимальной структуры природопользования ландшафтов на основе ландшафтно-экологического анализа с применением ДЗЗ/ГИС-технологий. Приведены основные задачи, ожидаемые результаты и методы для разработки оптимальной структуры природопользования ландшафтов.

Ключевые слова: ландшафт, структура природопользования, антропогенное воздействие, ГИС.

ӘОЖ 911.2;502.5

A.G. Abdullina, K.T. Saparov
(L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan,
e-mail: akshunus_a@mail.ru)

THE PLACE AND THE DISTRIBUTION OF PHYTONYMS AND ZOONYMS IN DETERMINING THE DYNAMICS OF LANDSCAPES IN AKTOBE REGION

Abstract: The article considers the possibility of using these place names to identify and restore landscape changes in connection with the endangered rare flora and fauna of Aktobe region. The map shows the distribution of names associated with animals and plants - fraxinella, turanga, pine, juniper, red birch, wild boar, kulan, beaver, saiga. This allows us to identify the indigenous habitats of these species of plants and animals, that is, to observe changes in the landscape. The results of the study assess the importance of the toponymic approach in determining the dynamics of the landscape.

Keywords: phytotoponym, zootoponym, landscape change, historical data, rare animals, plants, Aktobe region

А.Г. Абдуллина, К.Т. Сапаров
(Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазахстан,
Нұр-Сұлтан қ.,e-mail: akshunus_a@mail.ru)

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ЛАНДШАФТТАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫН АНЫҚТАУДАҒЫ ФИТОНИМДЕР МЕН ЗООНИМДЕРДІҢ ОРНЫ ЖӘНЕ ТАРАЛУ АРЕАЛДАРЫ

Аңдатпа: Мақалада Ақтөбе облысының жоғалып кеткен және сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне байланысты аталған топонимдердің ландшафт өзгерісін анықтауда және қалпына келтіруде пайдалану мүмкіндіктері қарастырылды. Ақтөбе облысы аумағында шаған, тораңғы, қарағай, арша, қызылқайың өсімдіктері, қабан, құлан, құндыз, киік жануарларымен байланысты атаулардың таралуы карта жүзінде көрсетілді. Бұл аталған өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің байырғы ареалдарын анықтауға, яғни ландшафттағы өзгерістерді бақылауға, мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесі ландшафт өзгерістерін анықтауда топонимикалық тәсілді пайдаланудың маңыздылығын бағалайды.

Түйін сөздер: фитотопонимдер, зоотопонимдер, ландшафт өзгерісі, тарихи деректер, сирек кездесетін жануарлар, өсімдіктер, Ақтөбе облысы

Кіріспе

Ғылым мен техниканың дамыған кезеңінде жер қорларын қарқынды пайдалану, табиғат ресурстарын толассыз игеру, т.б. мәселелермен байланысты туындаған тікелей және жанама ықпал ететін экологиялық факторлар ландшафттың табиғи жай-күйінің өзгерісіне алып келетіндігі белгілі. Қазақстанның жекелеген аймақтары бойынша байырғы ландшафт тұрпаттарын және өзгерістерін анықтау бағытындағы зерттеулерде басқа әдіс-тәсілдермен қатар, топонимикалық әдісті пайдаланудың да маңызы зор.

Топонимикалық мәліметтер ежелгі ландшафттарды қалпына келтіруге, аумақтың игерілу процестерін және шаруашылықты жүргізу ерекшеліктерін, өткен кезеңдегі қоршаған орта мен халықтың өмір сүру ортасына тән белгілерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұдан топонимика мен дәстүрлі география арасында тығыз байланыстың бар екендігін айта аламыз.

Шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде де ландшафттық топонимикалық бағыттағы еңбектер кеңінен таралған. Олардың арасында Сивей К., Мэнцзюнь К., Мин В. [1], Пенко Н.С. [2], Боиллат С., Серрано Е.[3], Фагундес Дж., Изко Дж. [4] арасында топонимикалық мәліметтерді мәдени және табиғи ландшафттардың өзгерістері мен тенденцияларын анықтауда, Кальво-Иглесиас М.С., Диас-Варела Р.А. [5], Конедера М., Вассере С., Нефф С. [6] байырғы ландшафттарды қалпына келтіруде пайдалану бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілген. Соуса А., Гарсиа-Мурильо П. Доньяна табиғи саябағындағы (Испания) ландшафттың өзгерісін анықтауда топонимдерді индикатор ретінде пайдаланып зерттеулер жүргізген [7]. Пенко Н. С. Словения аумағындағы мәдени ландшафттардың өзгерістеріне талдау жасауда жер шаруашылығы өзгерістерін егістік атауларының негізінде дәлелдеп көрсетті [8]. Испандық ғалымдар Фагундес Дж., Изко Дж. Испанияның солтүстік-батыс жағалауы Галисия аумағының ландшафттарының өзгерісін анықтауда өсімдік атаулары негізінде жасалған топонимдерді ақпарат көзі ретінде пайдаланды [9].

Бұл мәселемен айналысқан Ресейлік және Қазақстандық ғалымдар қатарында Сатимбеков Р.С. Қазақстанның кейбір сүтқоректілерінің ареалдарының өзгеруін зерттеуде топонимикалық мәліметтерді пайдалану ерекшеліктерін атап көрсетті [10]. Ханмогамедов Х.Л. ландшафттарды қалпына келтірудегі топонимикалық мәліметтерді зерттеу мәселесін географиялық зерттеулердегі *экологиялық топонимика* деп көрсетті [11].

Любимова Е.Л. және Мурзаев Э.М. 1960 ж. бірінші жартысында Орыс жазығындағы ортағасырларда кеңінен таралған *емен* және *қызылқайың* ағаштарының бұрынғы таралу ареалдарын топонимикалық мәліметтер арқылы анықтап, карта жүзінде дәлелдеген.

Отандық ғалымдардың ішінде Каймулдинова К.Д. зерттеулерінде Қазақстанның аридті аудандарында шоғырланған, қазіргі ландшафтқа сәйкес келмейтін атауларды бірнеше топқа ажыратып, талдау жүргізді: қазіргі өсімдік зонасына тән емес фитонимдер, атауы қазіргі сипатқа келмейтін гидронимдер, қазіргі ландшафтқа тән емес атауларға талдау жүргізді [12]. Сапаров К.Т. зерттеулерінде табиғатты қорғау мен ландшафттарды қалпына келтірудегі фитотопонимдер мен зоотопонимдердің рөлін анықтауда Қазақстанның солтүстік-шығыс, шығыс өңірлері мысалында зерттеулер жүргізіліп, олардың бұрынғы ареалдары жөнінде карта жүзінде дәлелденді [13]. Егінбаева А.Е. Сарыарқа ландшафттарының динамикасын анықтауда топонимикалық мәліметтерді пайдалану бойынша зерттеулер жүргізіп, жан-жақты талдау жасады [14].

Зерттеу нысаны

Бұл зерттеу жергілікті жердегі табиғи ландшафт пен топонимдер арасындағы байланысқа негізделеді. Негізгі мақсат – табиғи ландшафттардың өзгерісі индикаторы ретінде Ақтөбе облысының топонимдер жүйесінің ерекшеліктерін анықтау, яғни, аумақтағы жергілікті ландшафттық топонимдерді және олардың этимологиясын айқындау, аймақтағы ландшафттық-топонимикалық заңдылықтарды түсіндіру мен зерттеу болып табылады.

Бастапқы мәліметтер мен зерттеу әдістері

Зерттеудің бастапқы ақпараттық базасы ретінде аумақтағы кешенді ландшафттық, топонимикалық зерттеулер бойынша тарихи еңбектер, аймақтың географиялық атаулары туралы қарастырылған ғылыми әдебиеттер мен материалдар, Ақтөбе облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті материалдары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік географиялық атаулар каталогы, Ақтөбе облысының 1:500 000 масштабтағы топографиялық картасы, Қазақстан Республикасының тақырыптық карталары пайдаланылды. Зерттеу жұмыстары бойынша ақпараттар этимологиялық талдау, салыстырмалы-сипаттамалық, картографиялық және статистикалық әдістерді пайдаланып жүргізілген ғылыми зерттеу нәтижесінде анықталды.

Зерттеу нәтижелері мен тұжырымдар

Ақтөбе облысы батысында Каспий маңы ойпаты, оңтүстігінде Үстірт үстірті, оңтүстік-шығысында Торғай ойпаты мен солтүстігінде Орал тауының оңтүстік сілемдерінің аралығында орналасқан. Қазақстанның физикалық-географиялық аудандастыруына сәйкес облыстың солтүстік бөлігі Қазақстанның

таулы аймағының қоңыржай белдеудің дала ландшафт зонасының бетегелі-селеулі далалардың оңтүстік зонашығын қамтиды. Оңтүстікке қарай Қазақстанның жазықты аймағының қоңыржай белдеудің далалық ландшафт зонасының бетегелі-селеулі далалардың оңтүстік зонашығын; шөлейттік ландшафт зонасын; шөлдік ландшафт зонасы шөлдерінің солтүстік жусанды-сораңды зонашығын және эфемерлі-жусанды шөлдердің оңтүстік зонашығын қамтиды [15].

Ақтөбе облысы аумағындағы табиғи ландшафттардың біраз өзгеріске ұшырауына себеп болған антропогендік әрекеттерге мыналарды жатқызуға болады: солтүстік аудандардың түгелімен жыртылуы; оңтүстік аудандарда Арал теңізінің құрғауының ықпалымен шөлейттену процесінің үдеуі; кендерді игерудегі ашық карьерлердің ауданының ұлғаюы; мұнай және газ кен орындарын барлау және өндіру; өндіріс орындарының зиянды қалдықтарының үйінділері. Облыс байлықтарын әрі қарай игеру аумақтағы ғылыми, эстетикалық, шаруашылық, рекреациялық құндылығы бар табиғи ландшафттардың жойылуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Сондықтан да ландшаттағы өзгерістерді зерттеудің және қалпына келтірудің маңыздығы жоғары.

К.Д. Каймулдинова ландшафттарды топонимдер көмегімен «жаңғыртуды» жеке ландшафт компоненттеріне қатысты деректерден бастау орынды деп атап көрсетті [16]. Ландшафттардың бұрынғы сипаттамалары бойынша ақпарат беретін ең алдымен фитотопонимдер, себебі өсімдік жамылғысы – ландшафттың ең динамикалы (өзгеріске тез ұшырайтын) компоненті ретінде қарастыруымыз қажет. Яғни, фитотопонимдер ландшафттың биологиялық компонентінің индикаторы ретінде пайдаланылады.

Облыс аумағында Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген жоғалып кету қаупі бар, сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар түрлерімен байланысты топонимдер бар екендігі анықталды (1,2-кестелер) және олардың таралуы ареалы карта бойынша (1-сурет) көрсетілді.

1-кесте. **Ақтөбе облысы аумағындағы сирек кездесетін және жоғалып кеткен жануарлар түрлері мен олардың топоним жасау белсенділігі**

Жануарлар түрлері	Латынша атауы	Жануарлар туралы жалпы мәлімет	Топоним жасау белсенділігі
Құлан	*Equus hemionus*	XVIII-XIX ғасырларда Қазақстан мен Орта Азия даласында, шөл-шөлейтті аудандарында кең таралған. XX ғасырдың басында республика аумағында ол жойылып кетті. 50 жылдардан бастап елімізде жерсіндіріліп, қазір олардың жалпы саны 2 мыңдай болды (2007) [17, 258]. Құланның саны дүниежүзінде жылдан-жылға азаюына байланысты қорғауға алынып, Халықаралық табиғат қорғау одағының және Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Облыс аумағында қазір бұл жануар жойылып кеткен.	Құланкөл, Құланши Құланақ
Құндыз	*Castor fiber*	Қазір өзен құндызы Жайық өзені алабының барлық су айдындарында кездеседі. Терісі бағалы аңның түрі. XVIII ғ.дейін өзен құндызының таралу ареалы ауқымды болды, олар Жем, Ырғыз, Нұра, Тобыл, Ертіс, Есіл өзендері алаптарын қамтыды [7, 80].	Құндыз, Құндызды (4рет)
Қабан	*scrofa nigripes*	Қазақстанның барлық жерінде таралған, аңшылық нысандағы жабайы аң. Ақтөбе облысында 2000 бас мөлшерінде. Қазіргі таңда санының азаюына байланысты аңшылықта санына шектеу қойылған.	Қабан, Қабанқұлақ (2рет), Қабантау, Шығыс Қабан, Батыс Доңыз, Боздоңыз, Доңызтау (5рет), Доңыз, Доңыздыкөл (3рет), Шошқа, Шошқакөл (3 рет)
Киік	*Saiga tatarica*	Киіктердің қазіргі Қазақстандағы аймағы негізінен шөлді және шөлейтті аудандарды алып жатыр. Жалпы киіктердің саны 1960 ж. 2 млн.басқа көбейген. Кейінгі уақыттарда азайып кеткен. Ақтөбе облысындағы саны 18-20 мың бас болды және мемлекет тарапынан қорғауға алынып, 2006 жылы «Қызыл кітапқа» енгізілді.	Киікті, Киіккөл (2рет), Сайғақ (5рет)

Ескертпе: қабан халық арасында *жабайы доңыз, шошқа; киік – сайғақ, ақбөкен* деп те аталады

2-кесте. **Ақтөбе облысы аумағындағы жоғалып кеткен және сирек кездесетін өсімдік түрлері мен олардың топоним жасау белсенділігі**

Өсімдіктер түрлері	Латынша атауы	Өсімдіктер туралы жалпы мәлімет	Топоним жасау белсенділігі
Қарағай	*Pinus*	Қазақстанда 2 түрі: кәдімгі және самырсын қарағайы бар. Қарағайды дәрілік, шөлді аумақтарда құм тоқтату және елді мекендерді көгалдандыру мақсатта пайдаланудың маңызы зор. Кезінде бұл өңірлерде Ертістің Семей өңірінен басталып, Қостанай даласымен тізбектелген қарағайлы ормандар Ақтөбе өңіріне дейін жеткен. Адамдардың тікелей әрекетінен олардың ареалы құртылып кетті [13]. Тек географиялық атауларда сақталып қалды.	Қарағай (3рет), Қарағайлы, Солтүстік Қарағайлы, Қарағайбаз, Тегіс Қарағайлы, Қарағайқұдық, Қарағайсай
Шаған	*Fraxinus*	Қазақстанда сирек кездесетін ағаштардың бірі, оңтүстікте ылғалды жерлерде, өзен жағалауларындағы су жайылымдарында өсетін түрлері бар. Ағаш бұйымдарын жасауда, медицина, парфюмерия, тоқыма өнеркәсібі және басқа салаларда пайдаланылады. Қазір Шарын өзені аңғарында реликт орман ретінде сақталған.	Шаған (2рет), Жалғаншаған, Басшаған
Қандыағаш	*Alnus*	Қазақстанның Қызыл кітапқа енгізілген реликті өсімдік. Ақтөбе облысы аумағында Елек, Жақсы Қарғалы, Ор өзендері аңғарлары мен Орқаш қонысында өседі [18, б.45]	Қандыағаш (3рет), Орта Қандыағаш, Саға Қандыағаш, Бас Қандыағаш
Қызылқайың	*Betula kirghisorum*	Қырғыз қайыңы деп те аталады. Қарағайлы ормандарда, тұздылығы жоғары құм төбелер арасында, далалық жерлерде өседі. Сирек кездесетін эндемик өсімдік түріне жатады. Таралу аймағы азайып бара жатқандықтан Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген.	Қызылқайың (3рет)
Арша	*Juniperu*	Тау беткейлерінде, альпі белдеуінде және құмды жерлерде өседі. Арша 300 жылдай өседі, халық арасында ертеден емдік мақсатта пайдаланылған. Облыс аумағында Оңтүстік Жамантау беткейінде, Алабас стансасы маңайында, Аршалы қонысында өседі [18, б.134].	Аршабұлақ, Аршалы
Тораңғы	*Populus section Turanga*	Құмды, шөлді, сортаңды аймақтардағы өзен аңғарларында өседі. Қазақстан аумағында қара тораңғы, ақ тораңғы, Литвинов тораңғысы деп аталатын үш түрі өседі. Ақ тораңғы республика аумағында ертеден өсір келе жатқан реликті түрі. Санының азайып бара жатуына байланысты Қазақстанның Қызыл кітабына (1981 ж.) енгізілген. Бұл ағаш түрі халық арасында киелі саналады.	Тораңғыл (4 рет), Тораңғылқұдық, Тораңғылы

2-кестеде көрсетілген ағаш түрлерінің ереше қасиеттері мен шаруашылықтағы маңызы, түрлі мақсатта пайдаланылуы бойынша маңызы зор. Олардың кейбір түрлері сирек кездесетін және жойылып кету қаупі болғандықтан Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Қазақ халқының ормандарға деген ерекше құрметпен қараған. Жалғыз өскен ағаштарды, ерекшеленіп өсіп тұрған ірі ағаштарды қасиетті санап, оларды сақтауға тырысқан. Бұл бір жағынан орман ағаштарының емдік, құм тоқтату, су қорғаушы, жалпы эрозияға қарсы т.б. қасиеттерін бағалау болса, екінші жағынан К.Каймулдинова көрсеткендей, «ормандардың аридті климат жағдайындағы геожүйелердегі орнын сезінудің өзі қазақ халқының ағаш біткенге құрметпен қарауына негіз болды» [16, 68 б.].

Ландшафттық ерекшеліктерді сипаттайтын кейбір тарихи деректер


Байырғы ландшафт түрлерін қалпына келтіруде пайдаланылу мүмкіндігі бар топонимикалық зерттеулерді жүргізу ең алдымен тарихи карталар мен саяхатшылардың жазба деректеріне негізделеді. Солардың ішінде аумақтағы фито және зоотопонимдердің қалыптасуына дәлел болатын кейбір зерттеушілердің еңбектеріне тоқтала кетейік.

Қазақстан және Орта Азия бойынша XIXғ. зерттеулер жүргізген көптеген саяхатшылар мен ғалымдар соның ішінде Ақтөбе облысы аумағы арқылы өтіп, аумақтың табиғи жағдайы, географиялық ерекшеліктері

бойынша бірқатар мәліметтер қалдырып отырды. Солардың арасында П.И. Рычков, Э.А. Эверсман, А.И. Левшин, Е.К. Мейендорф т.б. еңбектерінде топонимикалық зерттеулерімізге негіз болатындай қазіргі Ақтөбе облысының аумағының ландшафттық ерекшеліктері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі туралы деректер сақталған.

Ақтөбе облысының аумағы бойынша ландшафттық өзгерістерге топонимикалық мәліметтер бойынша зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі – Е.Л. Любимова өз зерттеулерінде де Жем (еңбекте Эмба деп көрсетілген) өзені бойында 1745 және 1792 жж. Солтүстік Каспий мен Жалпы Сырт карталары бойынша 140 «орманды» сипаттайтын топонимдерді анықтаған. Бір кезеңдерде Жем өзені бойында *терек, тал, қара теректерден* тұратын тоғайлардың болғандығын көрсетеді. Қазіргі уақытта өзен бойының ландшафтысының өзгеріске ұшырағанын, тоғайсыз, ормансыз алқапқа айналған. XVIIIғ. ортасы мен XIX ғ. ортасынан дейінгі жүзжылдық аралықта олар біртіндеп жоғалған [19].

Аталған зерттеушілер арасында П.И. Рычковтың «Орынбор губерниясының топографиясы» еңбегінде Ақтөбе облысы аумағы бойынша бірқатар географиялық ақпараттар мен деректер сақталған. Ғалым Жем өзені, Торғай жазығының өзендерінің ерекшеліктеріне тоқтала отырып, жүріп өткен аумақ бойынша өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне де бақылау жасады. Жем өзенінің ланшафттық өзгерістерді автордың мына сипаттамасынан байқауымызға болады: «Ембі өзені, оның жоғарғы бөлігі 49 градус ендікте, Ор көтеріліміне жақын Мұғалжар тауынан басталып, Каспий теңізіне құяды. Жоғарғы бөлігінде таяз жерлер бар, тастар арасынан ағып өтеді, бірақ төменге қарай тереңдейді, құм арқылы ағады. Балықтардың көптеген түрлері бар, әсіресе жайын және сазандар ірі болып келеді, ал сағасына ақ балықтар мен бекіре бар. Өзен бойындағы ормандарда тал, қара терек, үйеңкі, көктерек, жиде, мойыл, кей жерлерде қамыстар кездеседі, бірақ жоғарғы жағында аз» [20,160б.]. Қазіргі уақытта Жем өзенінің суы Каспий теңізіне жетпей тартылып қалады, өзен сағасында 100 пайызға дейінгі мөлшері су тасуы кезінде қалыптасады. Сонымен қатар автор Өлкейек өзенінен солтүстікке қарай Арақарағай орманына дейін аюлар мен түлкілер көп мекендеген деп көрсетеді. Қазіргі Өлкейек, Ырғыз және Торғай өзендері алаптарында қарағай ормандары сақталмаған, қарағай фитонимімен жасалған географиялық атаулар кездеседі. Бұл аумақтағы *Қарағай* (сай, төб., өз.), *Қарағайлы, Солтүстік Қарағайлы* (төб.), *Қарағайбаз* (қыст.), *Тегіс Қарағайлы* (өз.) атауларын ландшафттардың бұрынғы жай-күйін сипаттайтын топонимикалық мәліметтер ретінде қарастыруға болады. Бұл аумақтарда байырғы қарағай ормандарының болуы ықтимал деп топшылауға болады. Ескеретін жай, қазіргі уақытта *Арақарағай* орманы Қостанай қаласынан шығысқа қарай 40 шақырымдай қашықтықта сақталған.



1-сурет. Ақтөбе облысы аумағындағы өсімдіктер мен жануарлармен байланысты топонимдердің таралу картасы

Шаруашылық пен аң аулауда кәсіптік маңызы бар кейбір жануарлардың бұрынғы ареалдарын қалпына келтіруде топонимикалық мәліметтердің рөлі ерекше. Жануарлар дүниесімен байланысты географиялық атаулар топтамасында аңшылық-кәсіптік түрлері: *құлан, құндыз, бұғы, марал, киік, қабан қарсақ, түлкі, қоян* және т.б. көп бейнеленген. Бұл жергілікті халықтың өткен өмірінде аңшылықтың маңызды рөл атқарғандығын көрсетеді.

Жергілікті тұрғындар географиялық нысандарға әр түрлі атаулар беру арқылы, жануарлардың жекелеген түрлерінің таралу аудандарын белгілеп отырған. Ол Ор өзені алқабында қабандардың көп екендігін, Қайрақты өзеніне жақын аумақта «киіктердің үлкен табынын» көргендігін атап кеткен [20]. Орал маңы даласында, Жем өзені алаптарында құландардың үлкен табын болып жүргендігі туралы да деректерді де П.И. Рычковтың еңбегінен табуға болады. Қазіргі таңда құландар Орта Азия мен Қазақстан қорықтарында қорғауға алынған. *Құлан* атауымен жасалған топонимдер *Құланкөл (көл), Құланши (қыст.)* Мұғалжар тауы мен оған жапсарлас аймақтарда сақталған.

Автор еңбегінде сонымен қатар *сусар, қаракүзен, кәмшат, құндыз* және т.б. таралғандығы туралы жақсы мәліметтер қалдырған. Қазіргі таңда аталған жануарлардың ішінде *қаракүзен* және *сусар* сирек кездесетін және жойылу қаупі бар түрге жатады. Қаракүзен соңғы рет Қазақстан аумағында 1938 жылы кездескендігі тіркелген. Нақтырақ айтсақ Ақтөбе облысы аумағында Еуропалық қаракүзен (*mustela lutreola linnaeus*) түрі негізінен Елек, Қарғалы, Жаман Қарғалы мекендеген. 1936 жылы Қарғалы өзенінде 10, 1938 жылы Ырғыз өзенінде, Қопа қонысында 1 өндірілген [21].

Құндыз 1978 жылғы Қазақ КСР Қызыл кітабына енгізілген [22]. Кейін қорғау және қалпына келтіру шараларының жүргізілуіне байланысты облыс аумағында саны 2000 дейін көбейген. Қазіргі уақытта Елек, Кіші Қобда, Үлкен Қобда өзендері бойында таралған. IXғ. араб географы Әл-Идрисидің Ырғыз өзенінде құндыздар табынының болғандығын көрсеткен деректер бар. П.П. Сушкин 1908 жылы Жем өзені алабындағы Құндызды өзенінен өзен құндыздарының сүйек қалдықтарын тапқан [7, б.81]. Бұл өзен атауының құндыз жануарына байланысты аталғанын дәлелдеп тұр. Облыс аумағындағы *Құндыз* (төб., Шошқакөл бұйраты аумағы), *Құндызды* (өз., Қарғалы өз саласы; өз., сай, төб., Мұғалжар тауы аумағы) топонимдері бұл жануардың бұрынғы таралу ареалы ауқымды болғандығын көрсетуі мүмкін.

Қорытынды

Облыс аумағындағы жойылып кеткен және сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер түрлерімен байланысты аталған топонимдерге талдау жасау арқылы мынадай қорытындыға келеміз:

1. Қазақстанның жекелеген аймақтары бойынша байырғы ландшафт тұрпаттарын және өзгерістерін анықтау бағытындағы зерттеулерде басқа әдіс-тәсілдермен қатар, топонимикалық әдісті пайдаланудың маңызы зор.

2. Ландшафттың немесе оның жеке компоненттері флора мен фаунадағы өзгерістерді анықтауда және оларды қалпына келтіруде әр түрлі тарихи деректер мен топонимикалық материалдарды негізге алуға болады.

3. Өсімдіктер мен жануарлар атаулары негізінде жасалған топонимдердің таралуы картасын олардың қазіргі таралу ареалдары мен байырғы ареалдарын салыстыру арқылы қалпына келтіру, қорғау аймақтарын анықтауда пайдалану мүмкіндігі бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Siwei Q., Mengjun K., Min W. Toponym mapping: a case for distribution of ethnic groups and landscape features in Guangdong, China // Journal of maps. – 2016. - Vol. 12(S1). – p.546–550.

[2] Penko N. S. Significance of Toponyms, with Emphasis on Field Names, for Studying Cultural Landscape // Acta geographica Slovenica. – 2008. – Vol. 48 (1). – p. 33-56.

[3] Boillat S., Serrano E., Rist S., Berkes F. The Importance of Place Names in the Search for Ecosystem- Like Concepts in Indigenous Societies: An Example from the Bolivian Andes // Environmental Management. – 2013. – Vol.51(3). – p.663-678.

[4] Fagundez J., Izco J. Spatial analysis of heath toponymy in relation to present-day heathland distribution // International Journal of Geographical Information Science. – March 2015. – p.2-10.

[5] Calvo-Iglesias M. S., Díaz-Varela R. A., Méndez- Martínez G. & Fra-Paleo U. Using Place Names for Mapping the Distribution of Vanishing Historical Landscape Features: The Agras Field System in Northwest Spain // Landscape Research. – 2012. - Vol. 37(4). - p.501-517.

[6] Conedera M., Vassere S., Neff C., Meurer M., Krebs P. Using Toponymy to Reconstruct past Land Use: A Case Study of 'Brüsáda' (Burn) in Southern Switzerland // Journal of Historical Geography. – 2007. - Vol. 33(4). – p.729–748.

[7] Sousa A., Garc´ıa-Murillo P. Can place names be used as indicators of landscape changes? Application to the Doñana Natural Park (Spain) // Landscape Ecology. – 2001. - Vol. 16. - p.391-406.

[8] Penko N. S. Engraved in the Landscape: The Study of Spatial and Temporal Characteristics of Field Names in the Changing Landscape // A Journal of Onomastics Names. - March 2018. - p.1–14.

[9] Fagundez J., Izco J. Diversity patterns of plant place names reveal connections with environmental and social factors // Applied Geography. – 2016. - Vol. 74. - p. 23-29.

[10] Сатимбеков Р.С. Топонимические свидетельства изменения ареалов некоторых млекопитающих Казахстана // Известия Академия наук СССР. Серия географическая. – 1982. -№3. -.С.79-84.

[11] Ханмагомедов Х.Л. Географические направления прикладной топонимики // Вестник Удмурдского университета. - 2011. - № 3. – С.125-128.

[12] Kaimuldinova K., Abdimanapov B., Berdygulova G., Jangeldina D. and Abilmazhinova S. Toponymic Evidence of Change in the Water Regime of the Lakes in Kazakhstan // World Applied Sciences Journal. – 2014. - Vol. 30(2). - p.161-166.

[13] Сапаров Қ.Т. Қазақстан топонимдерінің қалыптасуы мен дамуының географиялық негіздері (шығыс, солтүстік-шығыс өңірлері мысалында). Автореф.географ.ғыл.докт. – Алматы, 2010.

[14] Yeginbayeva A., Saparov K., Atasoy E. Toponymic approach to the study of landscape dynamics // Oxidation Communications. – 2015. - Vol.38(4A). - p. 2302-2312.

[15] Қазақстан Республикасының Ұлттық атласы. - Т.1. - Алматы: VIT BRAND, 2010 – 149б.

[16] Каймулдинова К. Қазақ топонимдерінің этноэкологиялық негіздері. - Алматы: Ғылым, 2001. - 92б.

[17] Қазақстан Қызыл кітабы. - 4бас. - Астана: Нур-Принт, 2008 - 315б.

[18] Айпеисова С.А. Конспект флоры Актюбинского флористического округа. - Актобе, 2012. - 175с.

[19] Мурзаев Э.М. Топонимика и ландшафты прошлого // Вопросы географии. - 1979. – Сб. 110. – С.11-18.

[20] Топография Оренбургской губернии. Сочинение П.И. Рычкова 1792 года. - Оренбург: Типография Б.Бреслина, 1887. – 405с.

[21] Ақтөбе облысының жануарлар әлемі. Ақтөбе облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті. – Ақтөбе: Nobel, 2008. – 128б.

[22] Красная Книга Казахской ССР. - Алма-Ата: Кайнар, 1978. – 218с.

Абдуллина А.Г., Сапаров К.Т.

Место и ареалы распространения фитонимов и зоонимов в определении динамики ландшафтов Актюбинской области

Резюме: В статье рассмотрены возможности использования данных топонимов для выявления и восстановления ландшафтных изменений в связи с исчезающим редким растительным и животным миром Актюбинской области. На карте представлены распространение названий, связанных с животными и растениями - ясенец, туранга, сосна, можжевельник, красная береза, кабан, кулан, бобр, сайга. Это позволяет выявить коренные ареалы распространения данных видов растений и животных, то есть наблюдать изменения в ландшафте. Результаты исследования оценивают важность использования топонимического подхода в определении динамики ландшафта.

Ключевые слова: фитотопонимы, зоотопонимы, изменение ландшафта, исторические данные, редкие животные, растения, Актюбинская область

УДК 622.1 (574)

A.K. Kurmankozhaev
Satbayev University, Almaty, Kazakhstan

THE METHOD OF QUALIMETRIC PREPARATION OF ORE DEPOSITS FOR CALCULATING THEIR GEOLOGICAL RESERVES

Summary. The method of qualimetric preparation of the geological reserve for calculation by means of the influence zone of the modal value of the useful component, taking into account the differences in the heterogeneities inherent in the interval values of the contents, is described. On this basis, the pattern of reproducing the zonal contours of the estimated reserves of modally concentrated high-quality, low in grade ordinary and large - high-quality homogeneous ores has been proved.

Key words: method, zone of influence, stock, qualimetrization, zoning, modal value, heterogeneity.

А.К. Курманкожаев
(Satbayev University, Almaty, Kazakhstan)

МЕТОД КВАЛИМЕТРИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ РУДНЫХ ЗАЛЕЖЕЙ для ПОДСЧЕТа ИХ ГЕОЛОГИЧЕСКИХ ЗАПАСОВ

Аннотация. Изложен метод квалиметрической подготовки геологического запаса к подсчету посредством зоны влияния модальной величины полезного компонента с учетом различий неоднородностей присущих к интервальным значениям содержаний. На этой основе доказано закономерность воспроизведения зональных контуров подсчитываемых запасов модососредоточенных качественных, малых по содержанию рядовых и больших – высококачественных однородных руд.

Ключевые слова: метод, зона влияния, запас, квалиметризация, зональность, модальная величина, неоднородность.

Проблема раскрытия геопространственных потенциалов скалярного поля содержаний по массиву залежи путем использования различий неоднородности и дисперсионного анализа распределения концентрации полезного компонента изучена ряд исследователями. Однако задачи определения зональности распространения содержаний в зависимости от размеров зоны влияния ключевых характеристик полезного компонента при решении задач подсчета запасов почти не изучены.

